

Материал поступил в редакцию журнала 15.11.2022

**The language features of unprepared speech of youth**  
(Analysis of impromptu speech of NU and SDU students)

**Baytelieva Zh.<sup>1</sup>, Kuderinova K.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan, E-mail: [zhbaiteliyeva@nu.edu.kz](mailto:zhbaiteliyeva@nu.edu.kz)

<sup>2</sup>Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan. E-mail: [kuralai.kuderinova@gmail.com](mailto:kuralai.kuderinova@gmail.com)

*The language of the previous generation is repeated by the younger generation, and it can be reduced and preserved in appliance with the language development laws. The language itself can be under the influence of the definite dominant language and can be kept in its shadow. Today, this is considered as a common phenomenon due to the expanding multilingualism space. According to this statement, this paper aims to study the repetition of the language of modern Kazakh youth from the language of the previous generation and the process of reducing and saving in appliance with the patterns of the general language development. Moreover, this paper also examines positive and negative changes, and processes that can be occurred under the influence of dominant Russian and English languages, and analyses the non-prepared speeches of Nazarbayev University and Suleiman Demirel university students.*

*In a complex analysis, by the social status, major, language and educational environment of students, words from their statements on a free platform on a predetermined topic are considered. According to the analysis, revealing the content of the topic and the structure of the student's speech are also included into research. Moreover, the study covers syntactic, morphological and phonetic analysis of words.*

*Key words: speech of youth, public speaking, dominant language, spoken language*

Received: 15.11.2022

**МҒТАР 16.01.09**

**Б. Шалабай<sup>1</sup>, А.К. Колпенова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, 0000-0002- 5289-4507. E-mail: [bshalabai@mail.ru](mailto:bshalabai@mail.ru)

<sup>2</sup>докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы, 0000-0002-7147-1024. E-mail: [k.asiya\\_k@mail.ru](mailto:k.asiya_k@mail.ru)

**ТІЛШІ-ҒАЛЫМ А. ӘБДІРАХМАНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ МҰРАЛАРЫ**

*Әр өлкенің біртуар азаматтарын кейінгі ұрпақ біліп өсуі тиіс. Осы идея негізінде Көкше өңірінен шыққан тілші-ғалым Айтым Әбдірахманұлы Әбдірахмановтың ғылыми еңбектерін ғылым сүйер жастарға рухани мұра ретінде таныту арқылы дәстүр жалғастығы мен тарих сабақтастығын жаңғырту өз кезегінде өзекті мәселелердің бірінен саналады.*

*Мақалада ғалымның қазақ терминологиясының дамуына қосқан үлесі сөз болады, осы саладағы мақалаларына талдау жасау арқылы ана тілінің жанашыры ретіндегі азаматтық тұлғасы дараланады. Лексикологияның бір саласы – топонимикаға қатысты мақалалары тақырып жағынан топтастырылады, монографиялары зерделенеді. А. Әбдірахманұлының қазақ топонимикасын алғаш зерттеген ғалым екендігі тұжырымдалады. Қазақстан жер-су атауларының этимологиясына қатысты пікірлері талданады. Ғалым еңбегіндегі қазақ топонимдері жасалу кезеңдеріне қарай сараланады.*

*топонимдер туралы тұжырымдарының танымдық аспектілері талданады. Ғалым еңбектерінің мәні ұлттың ұлттық белгісі, рухани тұғыры – тілді ғылыми тұрғыда зерттеуімен тереңдей түсетіні түйінделеді.*

*Түйін сөздер: терминология, топонимика, этнотопонимика, мәдени мәтін, ұлттық код, ономастикалық кеңістік.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Ғылыми тұлғаға, оның ғылыми мұрасының негізінде рухани дүниесіне концентрация жасау арқылы азаматтық бейнесін, еңбектерін жұртшылыққа таныстыру бүгінгі гуманитарлық ғылымның басты міндеттерінің бірінен саналады. Көкше өңірінен шыққан тілші-ғалым Айтым Әбдірахманұлы Әбдірахмановтың ғылымға енгізген жаңалықтары мен ғылымның дамуына қосқан үлесін бағамдау арқылы ғылымдағы, жалпы қазақ мәдениетіндегі тұлғасын даралау осы міндеттің өресінде жүзеге асырылады. Мақалада ғалымның ғылыми тұжырымдары мен идеяларының өзіндік сонылығы, бүгінгі ғылыми тенденциялармен сабақтастығы анықталады, жаңа зерттеулерге жол ашатын перспективті сипаты бағаланады. А. Әбдірахманұлының қазақ терминологиясының дамуына үлкен үлес қосушы, қазақ топонимикасының негізін салушы ғалым екендігі тұжырымдалады.

## КІРІСПЕ

Кез келген ғылымның өзінің дамуында өткенді ой елегінен өткізіп, бағалауы нәтижесінде болашақты бағдарлауы – заңды құбылыс. Өткенді, оның ішінде ғылыми ойды зерттеу адам санасында жаңаның жаңғыруына әкеледі, себебі әр дәуірдің зерттеушісі ғылыми тұжырымдар мен теорияларды өз кезеңінің тенденциясы аясында зерделеп, нәтижесінде белгілі бір кезеңде маңызды болып көрінбеген құбылыстың мәні келесі кезеңде басқа қырынан ашылып, ғылымды жаңа аспектіде танытады. Бұл – ғылымның даму сипаты. Олай болса, тілші-ғалым А. Әбдірахманұлының ғылыми мұраларын зерделеу арқылы тіліміздің зерттелу тарихын бағамдау, сол кезеңдегі тіл білімінің өзекті мәселелерін анықтау және осы мәселелер негізінде туған тұжырымдар мен теорияларды бүгінгі ғылыми ұстаныммен ұштастырып, жаңа қырынан таныту нәтижесінде қазақ тіл білімінің даму сипатын көрсету өзекті мәселелердің бірінен саналады. Ғалым еңбектерін ғылым сүйер жастарға рухани мұра ретінде таныту арқылы дәстүр жалғастығы мен тарих сабақтастығын жаңғырту да өз кезегінде тақырыптың өзекті қыры болып табылады.

А. Әбдірахманұлының ғылыми еңбектері бұған дейін арнайы зерттеу нысаны болған емес: ғалым еңбектерін жинақтап, оған қатысты материал қарастыру барысында жарық көрген бір-екі мақаланы ғана кездестірдік. Соның бірі – Т. Жанұзақов пен Е. Жұбановтың 1988 жылы «Қазақстан мұғалімі» газетінде «Ғылымның қия жолында» айдарымен жарияланған «Азамат ажары» мақаласы. Мақалада А. Әбдірахманұлының топонимикаға қатысты еңбектері аталады, терминология мәселелеріне қатысты мақалалары сөз болады, ғалым еңбектерін тек қазақ тілі мамандары ғана емес, тарих, география пәндерінің оқытушылары да орта, жоғары мектептерде пайдаланатыны айтылады [1,4]. Екінші мақала авторы профессор Қ.М. Есенов 1995 жылы «Көкшетау» газетінде жарық көрген «Жарқыннан ғылым жарығына: Көкшелік ғалым филология ғылымының докторы Айтым Әбдірахманов туралы» естелік мақаласына ғалымның ғылымдағы бейнесін, ұстаздық келбетін арқау етеді.

Ал біздің зерттеуіміздің мақсаты тілші-ғалым А.Әбдірахманұлының шығармашылығына сараптамалық шолу жасау, тіл білімі ғылымының теориялық ұстанымдарын негіз ете отырып, ғалым еңбектерінің ғылыми жетістігі мен маңызын, мәнін бүгінгі ғылыми тенденциямен ұштастыра зерделеу арқылы ғылыми жұртшылыққа таныту болып табылады. Белгіленген мақсат А. Әбдірахмановтың терминология саласындағы еңбектерін зерделеу, топонимика саласындағы ғылыми зерттеулерін талдау арқылы ғылыми тұжырымдарының танымдық аспектілерін анықтау міндеттерін жолға қояды.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеуде А.Әбдірахманұлының терминология және топонимикаға қатысты еңбектері сипатталады, пікірлері мен тұжырымдары интерпретацияланады, когнитивтік зерттеулермен сабақтастырылады. Зерттеу әдіснамалық негіз ретінде жалпы тіл білімі, қазақ тілінің тарихына, лексикология, грамматикаға қатысты теориялар, когнитивтік лингвистика тұжырымдарына сүйенеді. Ғалымның «Қазақстанның жер-су аттары», «Топонимика және этимология», «Қазақстанның этнотопонимикасы» атты монографиялары, «Көкшетау өңірінің жер-су атаулары» сөздігі, терминология және топонимика мәселелерін көтерген ғылыми мақалалары дереккөз ретінде алынады.

## НӘТИЖЕЛЕР

Қазақ лексикологиясының дамуына өзіндік үлесін қосқан ғалымдардың бірі – филология ғылымдарының докторы Айтым Әбдірахманұлы Әбдірахманов. Өмірінің соңына дейін Ғылым академиясының Тіл білімі институтында қызмет еткен ғалым негізінен лексикологияның топонимика саласын зерттеген. Сонымен қатар А. Әбдірахманұлының ғылыми-зерттеу мұраларының қомақты үлесі терминология және терминологиялық сөздіктер жасау мәселелеріне қатысты. Ғалым Ш. Құрманбайұлы 50-жылдардың соңы мен 60-жылдардың бірінші жартысында терминология мәселесіне едәуір мән берілгендігін, Одақтық тіл саясатының ұлт тілдерінің өз заңдылықтарын сақтай отырып дамуына мүмкіндік бермей келгендігіне қарамастан, бұл кезеңнің ғылыми терминологияның қалыптасып, дамуымен ерекшеленетінін айтады. Бұл жетістікте ғалым А. Әбдірахманұлының да үлесі мол екендігін еңбектеріне, атқарған істеріне қарап бағамдаймыз. Ғалымның арақідік жазу тарихына қатысты мәселелерге қалам тартқанын 1954 жылы жарық көрген «Жазу тарихынан» деген шағын мақаласынан, 1957 жылы Ә. Құрышжановпен бірге жазған «Көне жазу ескерткіші» және «XIII–XIV ғасырдағы жазу нұсқасы («Codex Cumanicus» атты ескі түркі нұсқасының тілі туралы)» мақалаларынан көреміз. Біздің зерттеу барысында құрастырылған еңбектерінің библиографиялық көрсеткішінен ғалымның қазақ тілін оқыту әдістемесі, әдеби тілге қатысты ойларын да білдіріп отырғанын білеміз, ғалымның тіл жанашыры ретіндегі тұлғасын танимыз. Ғалымның қазақ тілінің қамқоршысы ретіндегі бейнесі терминология саласындағы еңбектерінен айқын аңғарылады.

Ғалым 1956 жылдан 1981 жылға дейін Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясына мүше болған, мемтерминкомның ғылыми хатшысы міндетін атқарған. Терминком жариялаған отыздан аса орысша-қазақша термин сөздіктерінің 20 кітапшасы А.Әбдірахманұлының редакциясымен жарық көрген, ал алты сөздікке ол авторластық правосымен қатысқан. А.Әбдірахманұлы құрастырған, мемлекеттік терминком бекіткен атаулардың ресми тізімдері 1976 және 1979 жылдары өз алдына кітап болып шыққан. Ғалымның терминология мәселелері бойынша жазған түрліше зерттеу жұмыстары Москвада, Киевте, Алматыда құрастырылған әр алуан ғылыми жинақтарға енген. Сондай еңбектерінің бірі – академик Ә. Қайдармен бірлесіп жазған «Қазақ терминологиясы» атты көлемді очеркі 1987 жылы Москвада басылған жинаққа енген [1,4].

Ғалымның терминология мәселелерін көтерген мақалаларының 1957 жылдардан бастап жарияланып тұрғанын еңбектерінің библиографиялық көрсеткішінен аңғарамыз. Мәселен, «Мұнай терминологиясы туралы» (1957), «Өнеркәсіптік терминдер жайында» (1958), «Пікір таласы шындыққа жеткізеді» (1959), «О некоторых вопросах составления русско-казахских отраслевых терминологических словарей» (1960), «Вопросы терминологии: о принципах составления русско-казахских отраслевых словарей» (1961), «Мемлекеттік терминология комиссиясында», «Тіл мәдениеті және терминология» (1968), «Терминдерді дұрыс қолданайық» (1972), «Терминологиялық сөздіктерді аудармада пайдалану жөнінде» (1978), «Из опыта разработки и упорядочения терминологии в Казахстане» (1983), «Термин

қалыптастыру тәжірибесінен» (1986) мақалаларынан ғалымның осы салада аянбай еңбек еткенін көреміз. Ой-пікірімізді бір-екі мақаласын талдау арқылы нақтылай түсейік.

«Пікір таласы шындыққа жеткізеді» мақаласы 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған. Ғалым мақаласында, біріншіден, жаңадан терминдер жасау, оларды қалыптастыру, тұрақты қолдану мәдени өмірдің қажеттілігінен туатынын және бұл мәселенің бүкіл халықтың қатысуымен шешілетінін айтады, «өйткені тілдің жасаушысы да, қолданушысы да – халық» [2,2]. Екіншіден, орыс тіліндегі немесе интернационалдық терминдерге қазақ тілінде балама табу керектігін, мүлдем табылмаған жағдайда ғана басқа тілдегі формасы алыну керектігін айтады. Мұның өзі термин жасаудағы А. Байтұрсынұлының ұстанымы екендігі баршамызға белгілі. Үшіншіден, *аялдама, басылым, шеберхана, көркемөнер, мүсінші, бейнелеу өнері, шешендік өнер* деген терминдерді қолданудан қашпау керек деген пікірінің орынды айтылғанын бүгінгі күн тұрғысынан бағамдай аламыз, өйткені сол кезде жаңадан енгізіліп жатқан терминдер бүгінде әдеби тілімізге әбден сіңісіп кеткен. Сол сияқты ғалымның телевизорды *телекөру немесе телекөрім* дегеннен де *теледидар* деп алсақ, құлаққа жағымды деген ұсынысының да жүзеге асқандығын білеміз. Төртіншіден, ғалым жаңа сөздерді қалай болса солай енгізе беруден де аулақ болу керектігін ескертеді. Мәселен, ғалым *заңқой (юрист), дүнияуи (материальный), степень (мәртебе), жинарман, жазыларман* деген терминдерді сынға алады. Әрине, бұл терминдердің қолданысқа енгендігінен ғалым сынының орынды болғанын бүгінде баршамыз пайымдай аламыз. Бесіншіден, терминологиялық сөздіктер шығару ісіне баспа орындары, ғылыми зерттеу мекемелері баса көңіл аударулары қажеттігін және терминком бекітіп берген сөздерді ғана қолдану керектігін ескертеді. Алтыншыдан, ғалым әр тілдің ішкі заңдылықтары сақталу керектігін ерекше атап, *аспирантка, докторантка, журналистка* деп *-ка* деген род көрсеткішін қосудың қазақ тіліне еш қажеттігі жоқтығын айтады [2,3].

«Тіл мәдениеті және терминология» деп аталатын мақаласында ғалым термин жасау және қолдану тәжірибесінде қолайлы жақтармен бірге көптеген кемшіліктер мен олқылықтар, қиындықтар мен шалағайлықтардың да кездесетінін айтады. Мәселен, *қосымша құн* дегенді *түсер құн, тыңайтқыш* дегенді *құнарландырғыш, мырыш* терминінің орнына *тініке* деп өзгерту туралы ұсыныстарды қабылдаудың қажеттілігі жоқтығын ескертеді [3,4]. Сонымен қатар ғалым баспасөз бетінде кездесетін емлелік, пунктуациялық қателерді де сынға алады. Тіл мәдениетінің үлкен бір саласы болып саналатын терминология жұмысын одан әрі жақсарту үшін атқарылуы қажет шараларды ұсынады. Ғалым А.Әбдірахманов: «Алдымен Мемлекеттік терминком бекіткен терминдерді баспасөз бетінде жариялап отырған жөн. Ал баспасөз бетіндегі терминдердің дұрыс, бұрыстығын қадағалап отыру үшін Тіл білімі институтының жанынан арнайы топ құрған мақұл. Терминологиялық, түсіндірме сөздіктер шығару ісін мұқият қолға алу қажет. Мемлекеттік терминкомның қызмет сферасы кеңейтіліп, тіл мәдениеті, сауаттылық мәселелерін қамтитын органға айналуы керек. Міне, осы шаралардың іске асырылуы ана тілімізді ардақтауға, тіл мәдениетін көтеруге, сөз қадірін бұдан да қастерлеуге жетелейді» [3,4], – деп, қазақ тілінің маңызды мәселелерін көтереді. Жалпы ғалымның мақалаларынан аңғаратынымыз, терминология саласына қатысты қандай да бір мәселе болса, баспасөзде жарияланып, талқыға салынып, ортақ шешім шығарылып отырғанға ұқсайды. Ғалымның келесі мақаласы осы ойымызды дәлелдей түседі.

1972 жылы жарық көрген «Терминдерді дұрыс қолданайық» мақаласында ғалым А. Әбдірахманов мемтерминком бекіткен 40-қа жуық терминдер тізімін береді және Алматы қаласының орысша аталатын көшелер атауларын өзгертіп, Кеңес Одағының батырлары мен Еңбек ерлерінің атымен атау туралы шешімді жариялайды. Қазақ тіліндегі терминология, оның емлеге, аударма мен стилистикаға және жалпы тіл мәдениетіне қатысты туралы мәселелерге республикамыздың баспасөз органдары мен көпшілік қауым ат салысып отырса деген тілек білдіріп, терминологияға қатысты мәселелерді көпшіліктің назарына ұсынады [4,4].

«Ана тілін ардақтаған азамат, ізденгіш әрі еңбекқор ғалым осы табыстарымен шектеліп қалған жоқ» [1,4]. Топонимикаға қатысты мақалалары мен монографиялары – осының дәлелі.

«А. Әбдірахманұлы топонимика мәселелерімен сонау студенттік шағынан айналысқан. 1948-49 оқу жылында курстық жұмыс ретінде Қазақстанның жер-су атауларын жинастыру жөнінде тақырып берілген. Ғалым содан бергі өмірін негізінен осы бір ғана мәселеге арнаған. Республикамыздың түкпір-түкпірінен топонимиялық мәліметтер жинап, сыры көмескіленген микротопонимдердің мағыналарын ашқан» [1,4].

Ғалым 1954 жылы «Қазақстан топонимикасының кейбір мәселелері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғаған. Оған дейін топонимикаға қатысты бір ғана еңбекті, географ-топонимист Ғ.Қоңқашбаевтың 1949 жылы география ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін қорғаған «Қазақтың халықтық географиялық терминдері» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын, атауға болады. Демек, А. Әбдірахманов – топонимиканы бірінші болып зерттеген тілші-ғалым.

1959 жылы А. Әбдірахмановтың диссертациялық еңбегі «Қазақстанның жер-су аттары» деген атаумен монография болып жарыққа шығады. Бұл монография – Қазақстан топонимдерін тарихи-лингвистикалық тұрғыда басқа туыстас тілдермен салыстыра зерттеген, топонимдерді лексика-семантикалық мағыналарына қарай топтастырған, топонимдердің жасалу жолын зерделеген тұңғыш еңбек. Бұдан кейін ғалымның «Топонимика және этимология» (1975), «Қазақстанның этнотопонимикасы» (1979) атты монографиялары жарық көреді. Ғалым араға жылдар салып, 1991 жылы «Қазақстан топонимдерін тарихи-этимологиялық зерттеу» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғаған. Ал ғалым О.А. Сұлтаньяевпен бірлесіп дайындаған «Көкшетау өңірінің жер-су атаулар сөздігі» 2015 жылы жарыққа шықты. А. Әбдірахманұлының осындай көлемді еңбектерімен бірге ғылыми-танымдық мақалалары да қазақ тіл білімінің ономастика саласының ғылыми қорынан үлкен орын алады.

Ғалымның 1953 – 1989 жылдар аралығында топонимика мәселесіне қатысты жарияланған мақалаларын мазмұнына қарай төмендегідей топтастырдық:

1) *Топонимика ғылымының ғылыми негіздері туралы мақалалары:* «Қазақстан топонимдерінің жасалуындағы лексика-морфологиялық құбылыстар» (1959), «Топонимика принциптері» (1964), «Отражение этнонимов в топонимике» (1965), «М.Қашқари және ономастика мәселелері» (1971), «Диалектология және топонимика» (1973), «Топонимика – жаңа ғылым саласы» (1978), «Қазақстан этнотопонимикасы» (1978), «Этнотопонимы Казахстана, связанные с Алтаем» (1979), «К вопросу о методах этимологического исследования топонимов Казахстана» (1984), «Халық қазынасы» (1986), «Древние этнонимы – источник изучения этногенеза казахов» (1987), «Қазақ тілі топонимдерінің тарихи-морфологиялық аспектілері» (1988), «Оңтүстік Орал және онымен көршілес аудандардың кейбір көне гидронимдерінің этимологиясы туралы» (1989);

2) *Топонимдердің этимологиясы туралы:* «Ақмола» атауының шығуы туралы» (1956), «Этимологические изыскания – основная задача в топонимике» (1962), «Кейбір этнотопонимдердің этимологиясы жайында» (1967), «Этимологическое исследование некоторых этнонимов, общих для узбекского и казахского народов» (1985), «Кейбір топонимдердің этимологиясы жайында» (1986), «Өзбекстанмен шекаралас Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этимологиясы туралы» (1987), «Қызылқұм топонимдері» (1989);

3) *Топонимдердің дұрыс жазылуы мен транскрипциясы туралы:* «Географиялық атаулардың орфографиясы жөнінде» (1953), «Қазақстан жер-су аттарының дұрыс жазылуы мен транскрипциясының кейбір мәселелері жайында» (1955), «О топонимах Казахстана в словаре русской транскрипции географических названий» (1958), «Создать словарь географических названий» (1959), «Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР» (1959), «Жер-су аттарының жазылуы» (1959), «Проблемы топонимики Востока» (1961), «Вопросы топонимики Казахстана» (1962), «Актуальные проблемы тюркской топонимики» (1989).

Ғалымның осы мақалаларына арқау болған мәселелері жинақталып, жүйеленіп, көлемді монографияларға ұласып отырған.

Алғашқы көлемді еңбегі – «Қазақстанның жер-су аттары» монографиясы төрт тараудан тұрады. Бірінші тарауында топонимика ғылымының сипаттамасы беріледі, әдістері мен міндеттері аталады, жалпы топонимика ғылымының зерттелу тарихына шолу жасалады. Ғалым топонимиканың тіл ғылымында үш түрлі бағытта зерттелетінін айтады: 1) Тілдің көне формаларын бойына сақтаған топонимдер тіл тарихы үшін, тілдің даму заңдарын зерттеу үшін материал береді; 2) Топонимдердің жасалуындағы лексика-морфологиялық, лексика-синтаксистік тәсілдері зерттеліп, оның субстантивтену, абстрактану заңдылықтары ашылады; 3) Топонимдер семантикалық және этимологиялық жағынан зерттеледі [5,9]. Ғалым атаған үш бағыттан біз дәстүрлі ғылыми парадигмада топонимика негізінен тіл және география, тарих ғылымдарының тоғысуында зерттелгенін білеміз, ал мұның өзі ғылыми, тілдік ақпарат беретіні сөзсіз.

Екінші тарауда топонимдер лексика-семантикалық мағынасына қарай былайша топтастырылады: 1) адам атына қойылған топонимдер; 2) ру аттарына қойылған топонимдер; 3) халық аттарына байланысты топонимдер (Ноғайлы, Қырғыз, Ұйғыр); 4) өсімдіктерге байланысты атаулар; 5) жануарларға байланысты топонимдер; 6) географиялық объектінің түр-түсіне қарай қойылған топонимдер; 7) объектінің санына байланысты қойылған топонимдер; 8) сол жерде болған оқиғаға, нәрсеге және қазіргі бар нәрселерге байланысты топонимдер (Атбасар, Молалы, Диірментөбе); 9) ұқсату, тенеу ретімен қойылған образды топонимдер (Айыртау, Айнабұлақ, Аякөз, Бөрік, т.б.); 10) географиялық және басқа да терминдерден жасалған топонимдер (Адыр, Арал, Балқаш, Жылға); 11) географиялық объектінің сапасына, қасиетіне, көлеміне байланысты топонимдер; 12) басқа тілден енген және көне сөздерден жасалған топонимдер; 13) әлеуметтік оқиғаларға байланысты топонимдер [5,45]. Ғалым осы екінші тарауда Қазақстан топонимдерінің жасалуындағы лексика-грамматикалық құбылыстарға талдау жасайды. «Топонимдер қалай болса солай кез келген тәсілмен жасала бермейді. Олардың жасалуында белгілі бір заңдылық болады. Қазақстан топонимдерінің қайсысы болмасын (басқа тілден енгенін есептемегенде) қазақ тілінің өзінде бар лексика қорынан нәр алып, оның өзіне тән ішкі мүмкіншілігіне сай жасалады» [5,55], – деген пайым жасаумен қатар ғалым: «Атаулардың барлығы да о баста белгілі бір оқиғамен байланысты қойылуы мүмкін. Мысалы: *Атқырылған* деген атау бір күндерде керуеннің аттары не індеттен, не бораннан, не қасқырдың шабуылынан апатқа ұшырағаннан қойылуы ықтимал. *Қызқашқан* деген атау ата-ананың рұқсатынсыз қашып кеткен қызға байланысты берілген шығар. Тайсойған деген атау тай сойылған жер дегенді білдіреді. Әрине, талай жерде ат қырылып, тай сойылып жатады, бірақ олардың бәрі *Тайсойған*, *Атқырылған* деп атала бермейді. Бұлардың ішінде оқиғалы факті көптің көкейінде сақталып қалуымен байланысты. Немесе *Қорасалған*, *Малқыстаған* деп аталу себептері де тілдің ішкі заңдылығымен ұштасып жатады» [5,70], – деген пікір білдіреді. Ғалым пайымдауларын түйіндейтін болсақ: біріншіден, топонимдердің тілдің лексика қорынан алынатыны, әрине, заңдылық. Екіншіден, ғалым айтып отырғандай, жер-су атауларының бекіп қалуы белгілі бір оқиғаның, ақпараттың халықтың көкейінде, санасында сақталып қалуымен байланысты. Мұның өзі топонимдік жүйенің онтологиялық болмысы оның менталдық болмысымен бірлесе отырып дамитынын, тілде, қоғамда қатар қызмет ететіндігін аңғартады.

Еңбектің үшінші тарауында ғалым тарихи деректерге сүйене отырып, Қазақстан топонимдері жасалуының кезеңдерін анықтайды. Ғалым пікірлерін жинақтап, біз өз тарапымыздан бұл кезеңдерді төмендегіше жүйеледік:

1) біздің заманымызға дейін VI-IV ғ. – б.з. VII-VIII ғасырлар: Қазақстан аумағын мекендеген сақ тайпаларының жасаған атаулары;

2) VIII-XI ғ. – XIII ғасыр: арабтар жаулауына байланысты пайда болған араб, парсы атаулары. Мысалы: Сауран маңындағы Яныкентті арабтар ал-Қарьят, ал-Хадиси деп атайды немесе Фараб секілді атаулар;

3) XIII ғ. – XV ғасыр: монғолдардың енуіне байланысты монғол тіліндегі атаулар пайда болы. Мысалы: Қапшағай, Тарбағатай, Боролдай, т.б.;

4) XV–XVI ғ. бастап қазақтар этнографиялық біртұтас халық ретінде қалыптасқандықтан, сол кездердегі топонимдер қазақ топонимдері деп аталады. Қазақ топонимдері тек осы кезеңде жасала бастаған жоқ, әрине. Топонимдердің жасалуы қазақтың этникалық құрамына енген тайпалар тілімен де байланысты.

Ғалым қазақ топонимдерінің бірнеше ғасырдың жемісі екендігін айрықша атап өтеді. «Қазақ топонимдері түркі семьясындағы тайпа тілдерінің негізінде жасалып, XV –XVI ғасырлардан былай қарай соның жалғасы ретінде қазақ тілінің негізінде дами берді» [5,142], – деп тұжырым жасайды.

Профессор А. Әбдірахмановтың еңбегін одан әрі зерделеу барысында аңғарғанымыз: ғалым түркілердің сақтардың ұрпағы екендігін баса айтып отырады. Бұл, әрине, сол кездің тұрғысынан саралағанда тіл тарихына қатысты маңызды фактілердің бірі еді. Ғалым сонымен қатар грек, қытай жазбаларын пайдаланған ғалымдардың пікірлерін негізге алып, көптеген жер-су атауларының түп төркіні біздің заманымызға дейінгі кезеңдерде жатқандығын және олардың барлық түркі халықтары тілінің тарихына қатысы барлығын айтады. Созақ атауының шығуы туралы деректер келтіреді, Сырдарияны түркілердің кезінде «Силис» деп атағанын айтады және кейіннен Яксарт аталуының себебін тарихи деректермен дәйектеуге тырысады. Сол сияқты монғол тілінен енген топонимдердің Қазақстанның барлық аудандарында кездесетінін айтады, «соның ішінде Шығыс Қазақстанда – 73 атау, Оңтүстік Қазақстанда – 46 атау, Солтүстік Қазақстанда – 11 атау, Батыс Қазақстанда – 14 атау монғол тілінен енген» [5,127], – деген дерек келтіреді. Ал ғалым Ғ.Қоңқашбаев монғол тілінен енген атаулардың санын 217 деп көрсетеді.

Ғалым топонимдердің қазақ тілінде дұрыс жазылуының практикалық маңызы зор екендігін айта келе, еңбегінің «Қазақстан топонимдерінің дұрыс жазылуы мен транскрипциясы туралы» деп аталатын төртінші тарауын осы мәселеге арнайды. Жалпы ғалымның мақалалары мен еңбектерін зерделеу барысында аңғарғанымыз: ғалым қазақ топонимдерінің қазақ тілінде дұрыс жазылуы мен транскрипциясына айрықша көңіл бөлген, оны өзекті мәселе ретінде үнемі көтеріп отырған. Мәселен, 1955 жылы «Коммунизм таңы» газетінде жарияланған «Қазақстан жер-су аттарының дұрыс жазылуы мен транскрипциясының кейбір мәселелері жайында» деген мақаласында ғалым топонимдердің дұрыс жазылмауынан олардың мағынасын айыру мүмкін болмай қалатындығын, сондықтан бұл мәселенің шешімін табудың маңыздылығын айтады. Топонимдерге қатысты бұл пікірін ғалым 1961 жылы Москвада өткен ғылыми мәжіліс және конференцияда өзекті мәселе ретінде көтереді: «Шығыстың географиялық атауларының орыс тіліндегі транскрипциясына қатысты мәселелер де өзекті болып табылады. Атаудың мағынасын түсінбеу, нәтижесінде этимологиясын да ажырата алмаушылыққа әкелетін өрескел бұрмалаушылықтарға жол беріліп келеді. Мысалы, «Жалғызғағым» теміржол станциясының атауы «Желги-Загим» деп жазылып жүр. Соңғы транскрипцияны түсіну мүмкін емес. Бұндай бұрмалаушылықтар, әсіресе, түркі тілдес республикалардың географиялық атауларында көптеп кездеседі [6,109]. Ғалым бұл мәселені шешу үшін картографияны өзгертіп, атауларды дұрыс жазу керек деген ұсыныс білдіреді: «Географиялық атаулар мүмкіндігінше картаға түсірілгенде, нақты қазақша түрде, ал мүмкіндігі болмаған күнде қазақ атауларына жақындатып берілуге тиісті» [5,28]. Бұл мәселеге тереңнен үңілетін болсақ, атаулардың халық танымына түсініксіз өзгеріске ұшырауы – олардың мәдени мәтін ретіндегі құндылығын да жояды, сол себепті ғалымның көтерген мәселесінің мәні тереңде жатыр.

Ғалым топонимдерді жазудағы ала-құлалықты бір жүйеге келтіруді ұсынады. Мысалы, Алатау, Қаратау дегендерді бірге жазып, Қызыл-орда, Талды-қорған деп бөлудің ешқандай ережеге сай келмейтінін айтады. Сол сияқты орысша транскрипциямен жазылып жүрген жер-су атауларының ешқандай мағына бермейтінін тілге тиек етеді: «Сүлікті деген атауды Солик-та деп екіге бөлгенде оны түсінбейсің. Чен-Гельди, Бик-Баулы, Моинта сияқты атаулар бұрмаланып кеткендіктен, мағынасын түсінудің қиынға соғатыны былай тұрсын, айтудың өзі қиын. Ынталы, Ынтымақ, Суықтау, Көкшетау, Жезқазған, Қарағанды, Алматы атаулары орыс тілінде Инталы, Интимак, Сууктау, Кокчетав, Джекказган, Караганда, Алма-

Ата болып дұрыс жазылмай жүр» [5,187], – деп, олардың қазақ тілінде жазылуын жүзеге асыру мақсатында қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық принциптеріне негізделген инструкция жобасын ұсынады. Нәтижесінде 1966, 1971 жылдары Москвада «Инструкция по русской передаче географических названий Казахской ССР» деген нұсқаулық жарық көреді. Ғалымның бұл еңбегін тек топонимика ғылымына қосқан үлесі емес, жалпы ана тіліне деген жанашырлығы деп білеміз.

Ғалымның келесі көлемді еңбегі – «Топонимика және этимология» деп аталады. Бұл еңбек қазақ топонимдерінің қысқаша этимологиялық сөздігін беруімен құнды. Ғалым, біріншіден, этимология терминінің дефинициясын ашып, сол кезең тұсында (70-жылдар) этимологиялық зерттеулердің тоқырап қалғандығын, сол себепті топонимдердің этимологиясын зерттеу – аса маңызды мәселе екендігіне арнайы тоқталады. Орыс ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып, зерттеу әдістерін сипаттайды және осыған дейін топонимдерді зерттеумен әр түрлі ғылым өкілдерінің шұғылданып келгенін, ал негізінен топонимдер тілдік құбылыс болғандықтан, тілшілердің шұғылданғаны дұрыс деген пікір білдіреді.

Сонымен қатар ғалым осы еңбегінде қазақ топонимдерінің жасалу кезеңіне қатысты пікірлерін толықтыра түседі. Қазақстан жер-су аттарының құрамы жағынан ана тілінің негізінде және басқа тілдің негізінде жасалған топонимдер болып бөлінетінін, атаулардың тарихи тууы мен дамуы жағынан *көне түркі, алтай, көне қазақ және жаңа қазақ дәуірлеріне* жататынын айтады. Көне түркі дәуірінде жасалған топонимдерге Алматы, Ебейті, Есіл, Жайық, Лепсі, Машат, Маңғыстау, Отырар, Торғай, Ырғыз, Шәуілдір, Шу атауларын жатқызады. Алтай дәуірінде жасалған атауларға түркі-монғол тіл қарым-қатынасы ықпал еткенін айтып, оларға Аңырақай, Алтынмел, Арқат, Қапшағай, Сілеті, Талас, Шар, т.б. топонимдерін жатқызады. Мәселен, қазіргі монғол тілінде чулуу сөзі тас екенін ескерсек, Чулууты – Сілеті атауы тасты дегенді білдіретінін топшылайды. Көне қазақ тілінің негізінде Бөген, Бұқтырма, Түгіскен атауларының, ал жаңа қазақ тілінде Ақсу, Қаратау, Шортанды, Еңбекшілдер сияқты атаулардың жасалғанын айтады [7,48]. Ғалым топонимдерді көне қазақ, жаңа қазақ кезеңдеріне бөлуде қандай ғылыми негізге сүйенгенін айтпайды, біздің топшылауымызша, сол кезеңге сай сөздердің мағынасының түсінілу деңгейін басшылыққа алғанға ұқсайды.

Алдында айтып өткеніміздей, А. Әбдірахманұлының ғылыми мұрасының құндылығын арттыра түсетіні – «Қазақ топонимдерінің қысқаша этимологиялық сөздігі». Сөздікте ғалым 141 топонимнің этимологиясын айқындаған. Ғалым бұл сөздік өзінің 20 жылғы ересен еңбегінің нәтижесі екендігін айтады және 1986 жылы жарияланған «Кейбір топонимдердің этимологиясы жайында» мақаласында тағы 20-ға тарта топонимнің этимологиясын береді. Зерттеулерінде атаулардың шығу тәркінің тарихи деректермен, тілдік құбылыстармен дәйектеп, қызықты мәліметтер келтіріп отырады. Әрине, бұл мәліметтерде де халықтың танымы, ғалымның уәжі орын алатыны сөзсіз.

Ғалым: «Топонимдерге қарай отырып, халықтың өткенін, миграция, ассимиляция, экономикалық өмір, кәсіби жағдай сияқтылардың басын ашып, тарихына тереңдей түсу мүмкіндігі туады. Басқаша айтқанда, жер-су атаулары – халықтың жер бетіндегі тарихи іздері болып табылады» [8,40], – деген пайым жасайды. Мәселен, сондай мәліметтің бірі – Ақмола атауының шығуы туралы, бірақ ғалым бұл мәліметті сөздікке енгізбеген, бұл өз алдына мақала түрінде берілген. Мақала «Ақмола қаласы жайында» деп аталады. 1956 жылы «Қазақстан пионері» газетіне жарияланған бұл танымдық мақалада ғалым: «Ақмола облысы 19-ғасырда ірі сауда орталығы болды. Түркістаннан, Сібірден, Россияның Европалық бөлігінен де Ақмола жәрмеңкесіне ірі саудагерлер келетін. Нұранның Ақмоладан өтетін жері таяз болғандықтан, жәрмеңкеге мал айдаушылар өзеннің осы тұсынан өтіп, үнемі мал өткен жер қарайып жататын. Тарихи мәліметтер де Ақмола қаласының басында осындай табиғи қараөткел болғандығын айтады. Ендеше Ақмоланың Қараөткел атануы осыған байланысты болған. Қаланың Ақмола атануы жайында жергілікті тұрғындар мынадай аңыз айтады. Бір жылы Қараөткелде бір адам қайтып, қабір қазғанда ақ балшық шығып, орнатылған моланы



сол балшықпен сылайды. Мола кейін ағарып, алыстан көрініп тұратын болған. Жәрмеңкеге мал айдап келетіндер сол моланы алыстан көретін болған. Сол себептен Қараөткел Ақмола болып өзгерді» [9,2], – деп, Ақмола қаласының бұрынғы атауы Қараөткел болғанын тарихпен, кейін Ақмола деп аталуын аңызбен байланыстырады. Танымдық тұрғыдан саралайтын болсақ, ғалым сипаттаған Ақмола атауы тарихи және этномәдени ақпарат береді.

А.Әбдірахманұлы «Қазақстан этнотопонимикасы» атты монографиясында этнонимдердің тарихи-этимологиялық сипаттамасын береді: Үйсін, Қаңлы, Дулат, Алшын, Арғын, Керей, Найман, Қоңырат, Шапырашты этнонимдерінің этимологиясына және Ашина, Созақ атауларына талдау жасап, тың пікірлер айтады. Созақ атауының сақ ұғымымен байланысты болғандықтан талдауға алынып отырғанына ерекше атап өтеді.

А. Әбдірахманұлының келесі бір еңбегі – ғалым О.Сұлтаньяевпен бірлесе дайындаған «Көкшетау өңірінің жер-су атаулары» сөздігі. Сөздікке 1062 атау енгізілген. Еңбекті зерделеу барысында аңғарғанымыз: көп атаулар адаммен байланысты, яғни жер-су атаулары белгілі бір тұлғалардың есімдерімен немесе ру атауларымен, не болмаса адамға қатысты бір оқиғамен байланысты аталған. Әсіресе, жер-су атауларының ру атауларымен аталуы – қазақ ұлтының танымына тән құбылыс. Биоморфтық мәдени код аясында қарасақ, сөздікте зооморфтық кодталған 59 атау, фитоморфтық кодталған 109 атау бар екен. Соматикалық кодталған 20 шақты топоним анықталды. Мәселен, Ақбалтыр (Ақжар ауданы), Ақтөбеми (көлшік), Аралтөбе (Зеренді ауд.,төбе), Бүйреккөл (көл, Еңбекш.ауд.), Кіндікқарағай (елді-мекен, Бурабай ауд.), Қосерін (мүйіс, Айыртау ауд.), Сарыбет (жер, Зеренді ауд.), Ұзынми, Үлкенми т.б.

Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, ұлттық топонимдік кеңістіктің едәуір бөлігін түр-түс атауларының қатысуымен жасалған жер-су атаулары құрайды. Қ.Рысбергген зерттеулер нәтижесінде қазақ топонимиясында 10 негізгі түс атрибутталғанын айтады, олар: ақ, қара, қызыл, сары, көк, қоңыр, боз, ала, сұр, жирен [10, 109], . Ал «Көкшетау өңірінің жер-су атаулары» сөздігінде берілген топонимдерді түр-түске байланыстылығы тұрғысынан қарастырған тілші-ғалым Р.Ж. Қияқова: «А.Әбдірахманов, О.Сұлтаньяевтың «Көкшетау өңірінің жер-су атаулар сөздігі» деген еңбегінде бір компоненті «сары» деген түске байланысты 23 топоним (ороним, агрорим, ойконим, гидронимдер) көрсетілген. Әрине, осы 23 топонимнің тарихы, өзіндік сыры, белгілі бір уәжі, жасалу принциптері бар. «Ақ» түске байланысты 27 топоним көрсетілген» [11, 91], – дей келіп, сары, ақ, қара, көк түстерінің халық танымындағы мәнін ашады және ғалым тұжырымдарын танымдық аспектілермен сабақтастыра түседі.

## ТАЛҚЫЛАУ

Айтым Әбдірахманұлын мына тұжырымдарына қарап та, қазақ тілтаным ғылымының негізін салушылардың бірі ретінде тануға болады: «Топонимияны образды түрде адамзат тарихының коды ретінде елестетуге болады. Онда халық өміріндегі маңызды кезеңдер сипатталады, дүниені тану деңгейі белгіленеді, дәстүрлер көрініс табады. Әрбір топоним – мәдени ескерткіш» [12,3]. Сонымен қатар ғалымның: «Әрбір халықтың өткені мен тіршілігі сөзбен таңбаланып, оның еркінен тыс, объективті түрде тарихқа еніп отырады, сондықтан топонимдерді ұлттық және мәдени байлықтар қатарына жатқызамыз. Ол халық тарихын, оның тілінің тарихын ашып беретін таптырмас дерек болып табылады» [6,116], – деген пайымынан тілдік деректер – топонимдердің халықтық қазынаға, рухани мұраға айналар құндылығын ерекше екшей білгендігін бағамдаймыз. Екіншіден, ғалым А.Әбдірахманұлы: «Топонимдердің өзіндік ерекшеліктері әр елдің табиғи жағдайымен, өмір сүру қалпымен, ұлттық дәстүрімен байланысты. Мәселен, мыңдаған жылдар бойы қазақ халқының мал шаруашылығымен айналысуы олардан жергілікті жердің өзіне тән қасиетін тани білуді талап етті. Бөрілі, Аюлы, Жыланды атаулары осы жерлерде аты аталған жыртқыш, жәндіктердің бар болуын білдіріп, малшыны сақтандырып та отырады. Қазақстан топонимдерінің тағы бір ерекшелігі – географиялық объектілердің қасиетіне, сыртқы белгілеріне, түсіне қарай, қандай да бір оқиғалармен байланысты образды түрде берілуі. Мысалы: Қаратал, Қызылқоға,

Алайғыр, Барсакелмес, Нарсойған т.б.» [13,129], – деп, топонимдердің өзіндік ерекшеліктерін саралауы олардың (топонимдердің) халық танымын сипаттауда маңызды орынға ие екендігін аңғартты.

Үшіншіден, ғалымның: «Тіл және оның даму заңдарын тек қоғам тарихымен, сол зерттелетін тілдің иесі болып табылатын халықтың тарихымен тығыз байланысты түрде зерттегенде ғана түсінуге болады. Топонимика сол жердің тарихи сырын ашумен бірге, олардың саяси және этнографиялық шекараларын анықтауға да көмектеседі» [5,9], – деген пікірінен біз топонимдерді халық өмірі, болмысы мен танымынан хабардар етер саяси мәтін ретінде де танымыз және ғалымның өз зерттеулерінде топонимдердің мәнін осы аталған ұстанымдар тұрғысынан ашуды мақсат еткендігін еңбектерін зерделеу арқылы пайымдаймыз.

Ал қазіргі таңда топонимикалық зерттеулерде өзге пәндердің де үлесі назарға алынып, бүгінгі топонимика бірнеше саланы қамтиды: лингвомәдениеттану, лингвогеография, этноботаника, лингвоэтнозоология, лингвофилософия, лингвопсихология, т.б. Сол себепті соңғы уақыттарда топонимдердің танымдық, этномәдени сипаттарын зерттеу кең етек алуда.

Осы зерттеулерді негізге ала отырып, ғалым А.Әбдірахманұлының топонимдер туралы тұжырымдарының да танымдық аспектілерін талдап көрсетуге болады. Мәселен, ғалымның мына пікіріне назар аударайық: «Қазақстан ертеден мал шаруашылығымен шұғылданатын ел болғандықтан, топонимдері өсімдіктердің атауымен аталуы заңды. Қаулы, Миялы, Жуалы, Қоғалы сияқты объектілер сол жерде аты аталған өсімдіктердің өсетінін білдіреді және әр төрт түліктің азықтанатын шөбіне қарай әр малға жайлылығын білдіреді. Топонимдердің ішінде ағашқа байланысты қойылған атаулар да мұқтаждыққа қажетті көрсеткіш болып табылады, өйткені ағаш та – шаруашылыққа керекті материал. Қазақстан топонимдерінде жануарларға байланысты атаулардың көп кездесуі де кездейсоқ емес, халықтың күн көріс көзі аңшылық болғандығынан хабардар етеді. Мысалы: Арқарлы, Суырлы, Шортанды, Маралды, Семізбұғы, Балықтыкөл т.б.» [5,40]. Ғалым бұл пікірімен жер-су атауларының астарында халықтың өмірлік тәжірибесі, білімі жатқандығынан хабардар етеді. Ал ғалым пікірін когнитивтік лингвистика тұрғысынан түйіндесек: топонимдердің өзіне тән кілті (код) бар, әр жер атауы – халық когнициясында сақталған, халықтың өмірден түйген білімінің көрсеткіші.

Топонимдер лингвокогнитивтік аспектіде географиялық кеңістік, ономастикалық кеңістік, этнологиялық кеңістікте зерттелуіне қарай топтастырылады. Ғалым Б. Тілеубердиев ономастикалық кеңістікті «адам», «жан-жануар», «өсімдік», «кеңістік» сияқты төрт концептілік өрісте қарастырады [14,15]. Кез келген концептілер сияқты кеңістік концептісі де өзіндік ұлттық ерекшелікке ие, өйткені оның көп өлшемді көлемінде объективті дүниенің маңызды бір категориясы – әлем туралы ұлттық менталдық түсінік орын алады» [15,126]. Қазақ халқының менталдылық болмысында, яғни ұлттық менталитетінде кеңістік концептісі *дала, жұрт, атамекен, туған жер* ұғымдарымен анықталады. Ал *туған жер, туған ел* сол жердің, елдің топонимдік атауларымен байланысты болып келеді. Дала, жазық даласы, бұлағы мен сайы, жайлауы мен қыстауы осы кеңістік концептісі аясында қарастырылады.

«Тілдік санада кеңістік жөнінде ұғым әр тарихи дәуірлерде қалыптасқан, сол дәуірден көрініс беретін менталдық ұстанымдар, когнитивтік түсініктер жүйесі бар» [14,244]. Әр кезеңге қатысты топонимдер де – сол дәуірлердің тарихи жәдігері болумен қатар, менталдық ұстанымдар мен стереотиптердің де айнасы, топонимдерде уақыт, мезгілдік код жатады.

Мәселен, сөздікте кездесетін Әулиебұлақ (Зеренді ауд.) атауы бұлақ маңында әулие болған деп ырымдап қойылған, әлі күнге дейін адамдар бұлаққа садақа ретінде күміс тиындар тастайды. Жалпы қазақ ұлтының менталдық ұғымында әулие сөзімен тіркесіп келген жер-су атаулары бір тылсым күшпен байланысты болып келеді, қасиетті деп есептеледі.

Оразбұлақ (Бурабай ауд.) – Ораз деген кісі Абылай ханмен еріп келіп, осы бұлақтың маңын мекендеген, бұл деректі білетін адамның санасында сонау ескі күндер бейнесі елестейді. Немесе Бурабай ауданы, Қарабұлақ елді мекенінде судың көзі бар, бұлақ болып

ағып жатады, қыста да қатпайды, бұрқылдап су шығып жатады, жергілікті тұрғындар «Көз» деп атап кеткен және қасиетті деп есептейді. «Көз» дегенде осы топонимді білетін адамның санасында қасиетті бұлақ елестейді, өйткені оның когнициясында этномәдени ақпарат сақталған.

Сол сияқты Көкшетау өңірі туралы айтылса, Бурабай, Айнабұлақ, Жекебатыр, Оқжетпес бейнесі елес берері сөзсіз, өйткені халық санасында тарихи-деректік ақпарат сақталған, бұл атаулардың астарында сұлулық, әдемілік ұғымдары рухани кодталған. Сөйтіп, осы талдаулар арқылы қазақ топонимдерінде дүние, адам, рухани және материалды мәдениет жайында сан қырлы мәліметтер мен ақпараттар жиналғанын пайымдаймыз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келгенде, қарастырылған мәселелер бойынша мынадай түйін жасалады: ғалымның қазақ терминологиясының даму жолындағы еңбегі ана тілінің жанашыры ретіндегі тұлғасын танытады. Ғалым А. Әбдірахманұлы – топонимиканың негізін қалаушы ғалым. Ғалым еңбектеріне дейін топонимдердің тек географиялық атаулар тұрғысынан зерттелгені анықталды. Топонимдер – халықтың өмірі, дүниетанымы, болмысынан хабар беретін ақпарат көзі болғандықтан, ғалым А.Әбдірахманов тұжырымдарының да танымдық аспектілері басым жатады. Топонимдердің мәдени мәтін екендігі тұжырымдалады. Ғалым А.Әбдірахманұлының топонимика саласына қатысты ғылыми-зерттеу еңбектері, біріншіден, топонимика ғылымының даму бағытын айқындауымен, екіншіден, ұлттық код белгісін танытар маңыздылығымен құнды.

Бүгінгі ғылыми тенденция құбылыстардың нақты болмысын, яғни мәні мен мазмұнын танытуды көздейді. Олай болса, тілші-ғалымның ғылыми-зерттеу мұраларының ұлттық-мәдени континуум моделіндегі формасы – тіл білімі ғылымының даму бейнесі болса, ішкі мән-мағынасы ұлттың рухани болмысын сипаттауымен айқындалады. Ғалым еңбектерінің мәні ұлттың ұлттық белгісі, рухани тұғыры – тілді ғылыми тұрғыда зерттеуімен тереңдей түседі.

Зерттеуімізде ғылыми-зерттеу мұраларын зерделеу арқылы ғалымның тіл жанашыры ретіндегі азаматтық тұлғасы, өз кезеңінің, бүгінгінің, болашақтың жастарына берген тағылымы арқылы ұстаздық тұлғасы, ғылымдағы ізі арқылы ғалымдық тұлғасы дараланды. Жеке бір тұлғаға және оның шығармашылығына бағытталған бұл зерттеу болашақта кең канат жайып, берік тұғырға қонатын «Тұлғатану» ғылымының бастаулары болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жанұзақов Т., Жұбанов Е. Азамат ажары // Қазақстан мұғалімі. – 1988. № 9. – 4-б.
- 2 Әбдірахманов А. Пікір таласы шындыққа жеткізеді // Қазақ әдебиеті. – 1959. №1. – 2-3-б.
- 3 Әбдірахманов А. Тіл мәдениеті және терминология // Социалистік Қазақстан. –1968. №239. – 4-б.
- 4 Әбдірахманов А. Терминдерді дұрыс қолданайық // Социалистік Қазақстан. –1972. №23. – 4-б.
- 5 Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. – А.: Қазақ ССР ҒА, 1959. – 219 б.
- 6 Әбдірахманов А., Құлманова З. Қызылқұм топонимдері // Қазақ тілі мен әдебиеті. –1995. №9. – 116-121-б.
- 7 Әбдірахманов А. Халық қазынасы //Білім және еңбек. –1986. №10. – 47-48-б.
- 8 Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – А., 1975. – 208 б.
- 9 Әбдірахманов А. «Ақмола» атауының шығуы туралы // Қазақстан пионері. – 1956. №2. –2-б.
- 10 Рысберген Қ.Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – А.: Дайк-Пресс, 2011. – 328 б.

- 11 Қияқова Р.Ж. Көкшетау өңірінің жер-су атаулар сөздігіндегі түр-түске байланысты ойтолғам // Ш.Уәлиханов атындағы КМУ Хабаршысы. Фил. сер – 2018. №1 (2). – 91-95-б.
- 12 Әбдірахманов А. Қазақстан топонимдерін тарихи-этимологиялық зерттеу. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған ғылыми баяндама. – А., 1991. – 58 б.
- 13 Әбдірахманов А. Выступление на совещаний, посвященном принципам топонимики. Принципы топонимики. – М., 1964. – С. 128-131.
- 14 Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – А.: «Арыс», 2007. – 280 б.
- 15 Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: Қазақ тілінің статистикасы. Оқу құралы. – А.: Қазақ университеті, 2004. – 209 б.

#### REFERENCES

- 1 Zhanuzakov, T. and Zhubanov, E. (1988) ‘Azamat Azhar’, *Kazakhstan Teacher*, 9. (In Kazakh).
- 2 Abdirakhmanov, A. (1959) ‘Opinion leads to truth’, *Kazakh Literature*, 1, pp. 2–3. (In Kazakh).
- 3 Abdirakhmanov, A. (1968) ‘Language culture and terminology’, *Socialist Kazakhstan*, 239, p. 4. (In Kazakh).
- 4 Abdirakhmanov, A. (1972) ‘Let’s use the terms correctly’, *Socialist Kazakhstan*, 23, p. 4. (In Kazakh).
- 5 Abdirakhmanov, A. (1959) *Place and water names of Kazakhstan*. Almaty: Kazakh SSR Academy of Sciences. (In Kazakh).
- 6 Abdirakhmanov, A. and Kulmanova, Z. (1995) ‘Toponyms of Kyzylkum’, *Kazakh Language and Literature*, 9, pp. 116–121. (In Kazakh).
- 7 Abdirakhmanov, A. (1986) ‘People’s treasury’, *Education and Labor*, 10, pp. 47–48. (In Kazakh).
- 8 Abdirakhmanov, A. (1975) *Toponymy and etymology*. Almaty: Gylym. (In Kazakh).
- 9 Abdirakhmanov, A. (1956) ‘On the origin of the name “Akmola”’, *Kazakhstan Pioneer*, 2. (In Kazakh).
- 10 Rysbergen, K. K. (2011) *Linguistic foundations of national onomastics*. Almaty: Daik-Press. (In Kazakh).
- 11 Kiyakova, R. Zh. (2018) ‘Reflections on types and colors in the dictionary of place-water names of the Kokshetau region’, *Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series*, 1(2), pp. 91–95. (In Kazakh).
- 12 Abdirakhmanov, A. (1991) *Historical and etymological study of toponyms of Kazakhstan*. A report prepared for receiving the academic degree of Doctor of Philological Sciences. Almaty. (In Kazakh).
- 13 Abdirakhmanov, A. (1994) ‘Speech at a meeting on principles of toponymy’, in Nikonova, V. A. and Trubacheva, O. N. (eds.) *The principles of toponymy*. Moscow: Nauka, pp. 128–131. (In Russian).
- 14 Tileuberdiev, B. M. (2007) *Linguistic-conceptual foundations of Kazakh onomastics*. Almaty: Arys. (In Kazakh).
- 15 Zhubanov, A. K. (2004) *Applied linguistics: Statistics of the Kazakh language*. Almaty: Kazakh University. (In Kazakh).

Материал 19.09.2022 баспаға түсті

#### Научно-исследовательское наследие лингвиста-ученого А. Абдрахманулы

Б. Шалабай<sup>1</sup>, А.К. Колпенова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уәлиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан.

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

*Подрастающее поколение должно знать выдающихся личностей своего родного края. На основе этой идеи в свою очередь одной из значимых проблем является модернизирование продолжения традиций и преемственности истории, как духовного наследия, посредством представления молодым любителям науки научных трудов выходца из Кокшетауского края, учёного-лингвиста Айтыма Абдрахманулы Абдрахманова.*

*В статье говорится о его вкладе в развитие казахской терминологии, с помощью анализа его научных статей в этой сфере определяется его гражданская позиция, как болеющего душой за свой родной язык человека. Группируются по тематике статьи, касающиеся топонимики - одной из сфер лексикологии, а также исследуются монографии. Заключается, что А. Абдрахманов – первый учёный, исследовавший казахскую топонимику. Интерпретируется его суждения, касающиеся этимологии названий географических объектов Казахстана.*

*Казахские топонимы в трудах учёного дифференцируются по этапам образования, анализируются когнитивные аспекты топонимов. Заключается, что значение научных трудов учёного углубляется исследованием в научном аспекте языка-национального символа, духовной основы нации.*

*Ключевые слова: терминология, топонимика, этнотопонимика, культурный текст, национальный код, ономастическое пространство.*

Материал поступил в редакцию журнала 19.09.2022

### **Linguistic Scientist Aytym Abdrakhmanov's research heritage**

**B. Shalabay<sup>1</sup>, A.K. Kolpenova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Shoqan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan.

<sup>2</sup> L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.

*The younger generation should know the outstanding people of their native land. On the basis of this idea, to present to the younger generation research works by the linguist Aytym Abdrakhmanov is relevant. The article describes his contribution to the development of Kazakh terminology via analysing his research works in this field. His civic position is determined as that of a person who is deeply concerned about his native language. The authors analyse Abdrakhmanov's monographs, group works related to toponymy by subject. They infer that Abdrakhmanov is the first linguistic scientist who studied Kazakh toponymy and interpret his judgments concerning the etymology of the names of Kazakhstan's geographical objects. Abdrakhmanov classified Kazakh toponyms by stages of formation, analysed the cognitive aspects of toponyms. The authors conclude that the significance of Abdrakhmanov's research is greater for he also explored the scientific aspect of the native language.*

*Keywords: terminology, toponymy, ethnotoponymy, cultural text, national code, onomastic space.*

Received: 19.09.2022